

**Қарағанды облысы Балқаш қаласы сотының Қазақ КСР-інің Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 52-бабын және Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 175-бабына ескертулердің 5-тармағын конституциялық емес деп тану жөніндегі ұсынымы туралы**

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің қаулысы 2000 жылғы 6 желтоқсан N 20/2

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі, құрамында Кеңес Төрағасының міндетін атқарушы Н.І.Өкеев, Кеңес мүшелері Ж.Д.Бұсырманов, А.Есенжанов, А.К.Котов, Қ.Ә.Омарханов және В.Д.Шопин қатысқан, Қазақстан Республикасының әділет вице-министрі А.Н.Котловтың және Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Мемлекеттік-құқық бөлімінің консультанты Т.Е.Нұғмановтың қатысуымен өткен ашық отырысында Қарағанды облысы Балқаш қаласы сотының Қазақ КСР-інің Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 52-бабын және Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің К970167\_ 175-бабына ескертулердің 5-тармағын конституциялық емес деп тану жөніндегі ұсынымын қарады.

Қолдағы бар материалдарды, сарапшының - заң ғылымының докторы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия мемлекеттік университетінің Құқық институты қылмыстық құқық және процесс кафедрасының меңгерушісі К.Ж.Балтабаевтың қорытындысын зерделеп шығып, баяндамашыны - Кеңес мүшесі А.Есенжановты, А.Н.Котлов пен Т.Е.Нұғмановтың сөйлеген сөздерін тыңдап, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі мынаны анықтады:

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесіне Қарағанды облысы Балқаш қаласы сотының "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне қылмысқа қарсы күрес мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2000 жылғы 5 мамырдағы Z000047\_ Қазақстан Республикасының Заңын мынадай бөлігінде: Заңның 1-тармағында "52-бап мынадай редакцияда жазылсын..." деген сөздерден бастап "... Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген..." деген сөздерге дейін және

3 - т а р м а ғ ы н ы ң  
25) тармақшасында "Бөтен біреудің мүлкін ұсақ-түйек ұрлау..." деген сөздерден бастап "...заңға сәйкес..." деген сөздерге дейін конституциялық емес деп тану туралы ұ с ы н ы м ы к е л і п т ү с т і .

Ұсынымнан мәлім болғанындай, Қарағанды облысы Балқаш қаласы сотының іс жүргізуінде, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің, ұрлық үшін жауаптылықты көздейтін 175-бабы К970167\_ екінші бөлігінің "б" тармағымен

М.Т.Қалапбергеновке айып тағу жөніндегі қылмыстық іс жатыр. М.Т.Қалапбергеновті қылмыстық жауаптылыққа тарту, Қазақ КСР-і Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің (бұдан әрі - ҚазКСР-інің ӘҚБтК) 52-бабының алдыңғы редакциясын өзгерткен және Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі - ҚР ҚК) 175-бабына ескертулерді 5-тармақпен толықтырған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне қылмысқа қарсы күрес мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Z000047\_ Заңға сәйкес жүзеге асырылған.

Аталған Заңның нормаларында, ӘҚБтК-тің 52-бабын жаңа редакцияда жазу және ҚР ҚК-інің K970167\_ 175-бабына ескертулерді жаңа 5-тармақпен толықтыру туралы сөз болып отырғандықтан, өтініш субъектісі, ӘҚБтК-тің 52-бабын және ҚР ҚК-інің 175-бабына ескертулердің 5-тармағын конституциялық емес деп тануды сұрайтынын ескеру қажет.

Сот өзінің ұсынымын, ҚазКСР-і ӘҚБтК-інің 52-бабына және ҚР ҚК-інің 175-бабына ескертулердің 5-тармағына сай, ұрланған мүліктің құны Республика заңдарында белгіленген айлық есептік көрсеткіштің он еселенген мөлшерінен аспайтын кезде, мүліктің кімге тиесілігіне байланысты, бір жағдайларда әкімшілік жауаптылық, ал өзге бір жағдайларда қылмыстық жауаптылық туындайды деп дәлелдейді. Соттың пікірі бойынша, ұрлық үшін жауаптылығы жөніндегі мәселені заң арқылы бұлайша шешу, Қазақстан Республикасының Конституциясымен K951000\_ баянды етілген адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіреді және Конституцияның 6-бабы 1-тармағына, 14-бабы 2-тармағына қайшы келеді. Осы баяндалғанға байланысты, сот іс жүргізуді тоқтата тұрған және ҚазКСР-і ӘҚБтК-інің 52-бабын және ҚР ҚК-інің K970167\_ 175-бабына ескертулердің 5-тармағын конституциялық емес деп тануды өтініп, Конституциялық Кеңеске жүгінген.

Балқаш қаласы сотының ұсынымын қарау кезінде Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі мынаны ескерді.

ҚазКСР-і ӘҚБтК-інің 52-бабынан және ҚР ҚК-інің 175-бабына ескертулердің 5-тармағынан, меншік құқығында ұйымға тиесілі немесе оның қарамағындағы мүлікті ұсақ-түйек ұрлағаны үшін, ұрланған мүліктің құны әрекет жасалған кезде Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген он еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінен аспайтындай жағдайда, әкімшілік жауаптылық туындайтыны, ал азаматтарға тиесілі мүлікті ұрлағаны үшін ұрланған мүліктің құнына қатыссыз қылмыстық жауаптылық туындайтыны келіп шығады.

Соттың пікірінше, жоғарыда аталған нормалар, Қазақстан Республикасында мемлекеттік меншік пен жеке меншік танылатын және бірдей қорғалатын Конституцияның K951000\_ 6-бабы 1-тармағына қайшы келеді. Олардың конституциялық еместігін негіздеу үшін сот мынадай дәлелдер келтіреді: адамның құқықтары мен бостандықтары, соның ішінде азаматтардың меншік құқығы, мемлекеттің және заңды тұлғалардың құқықтарына қарағанда басымдығы бар деп

танылмайды; Конституцияның 14-бабы 2-тармағының мағынасы бойынша және соған сәйкес, бөтен біреудің меншігіне қарсы заңға теріс бірдей әрекет жасағаны үшін азаматтардың жауаптылығы туралы мәселені шешу кезінде, меншіктің кімге тиесілі екені дәлелге алынып, олардың кемсітуге ұшырауына жол берілмейді.

Алайда, Конституцияның 6-бабы 1-тармағынан, бөтен біреудің меншігіне қарсы заңға теріс бірдей әрекет жасағаны үшін бірдей жауаптылық белгілеу арқылы, мемлекет меншікті бірдей қорғау кепілдіктерін беретіні келіп шықпайды. Конституцияның 6-бабы 2-тармағына сай, меншік иелерінің өз құқықтарын жүзеге асыру көлемі мен шектері, оларды қорғау кепілдіктері заңмен белгіленеді. Конституцияның К951000\_ 61-бабы 3-тармағының

1) тармақшасына сәйкес, заң шығарушы, құқық бұзушылықтың қоғамдық қауіптілігін, құқықпен қорғалатын қоғамдық қатынастар үшін нақты зиянын ескере отырып, жеке тұлғалардың жауаптылығына қатысты заңдар шығаруға хақылы. Қазақстан Республикасы заңдарының нормалары, ұйымның да, азаматтардың да меншік құқығының бірдей қорғалуын қамтамасыз ете отырып, ұрланған мүліктің меншік иесі үшін маңыздылығын ескеріп, бірдей құқық бұзушылық үшін жауаптылықтың әртүрлі мөлшерін белгілейді.

Бұл қаралып отырған жағдайда заң шығарушы, жеке тұлғалардың меншігіне қарсы бағытталған заңға теріс әрекеттер үшін, адамның және азаматтың меншік құқығы қорғалуының қосымша кепілдігі болып табылатын, жауаптылықтың қатаңдау түрі - қылмыстық жауаптылықты белгілеген. Сондай-ақ, қаралып отырған нормалар жауаптылықты меншіктің нысанына қарай (мемлекеттік немесе жеке) емес, меншік иелеріне (азаматтар немесе ұйымдар) қарай саралайтынын ескерген жөн. Ұйымдар мемлекеттік те, жеке меншік те негізінде құрылуы мүмкін. Демек, заң шығарушы мемлекеттік меншік пен жеке меншік бірдей қорғалады деген конституциялық принципті бұзбаған.

Қазақстан Республикасы Конституциясы К951000\_ 6-бабының 1-тармағында берілген "мемлекеттік меншік пен жеке меншік танылады және бірдей қорғалады" деген конституциялық принципті, осы ұсынымға қатысты қолданыста олардың құқықтық жағынан қорғалуы міндетті деп түсіну ләзім. Заңда бөтен біреудің мүлкіне қол сұғушылық үшін әртүрлі жауаптылық мөлшері белгіленеді.

Осылайша, ҚазКСР-і ӘҚБтК-інің 52-бабында және ҚР ҚК-інің К970167\_ 175-бабына ескертулердің 5-тармағында ұйымның құны айлық есептік көрсеткіштің он еселенген мөлшерінен аспайтын мүлкін ұсақ-түйек ұрлағаны үшін әкімшілік жауаптылық, ал азаматтың мүлкін ұрлағаны үшін, ұрланған мүліктің мөлшеріне тәуелсіз, қылмыстық жауаптылық белгілеу - Қазақстан Республикасының Конституциясымен баянды етілген адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіру болып табылмайды.

Соттың, бөтен біреудің меншігіне қарсы заңға теріс бірдей әрекет жасағаны үшін



© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ